

Айдарбек Қ.Ж.
ф.ғ.д., доцент
Жонкешов Б.С.
ф.ғ.к.

Латын графикасы және кірме терминдерді формалды бейімдеу мәселелері

Уақыт өмірдің ақиқатына бойымыз үйренбей жатып-ақ, оны жылдам өзгертеді. Мәселен, Қазақстандағы қазіргі буын жаңа ақпараттық қоғамның, яғни білімге негізделген феноменнің қалыптасуына куә болды. Ортағасырлардағы латын Қайта өрлеу дәуіріндегі ғылым мен технология тілі болған секілді ағылшын тілі де қазіргі ақпараттық өркениеттің, яғни цифрландыру заманының негізгі тіліне айналды. Сондықтан да ағылшын тілін меңгеру және латын әліпбиіне өту – заман талабы.

Статистикаға сәйкес, әлемдегі елдердің 80 %-ға жуығы латын әліпбиін қолданады екен. Латын әліпбиіне көшу еліміздің әлемдік ақпараттық және виртуалды кеңістікке жылдам еніп, әрі қарай технология және экономикалық жағынан ұмтыла дамитынына еш күмән жоқ. Қазақстан ғалымдарының жалпы пікірі бойынша, бұл жай ғана әліпбиді ауыстыру емес, бұл біз үшін өркениетті таңдау болмақ, бұл ашық әлемнің бір бөлігі болуға ұмтылуды, прогреске бағытталуды растайды.

Қазақ әліпбиін латындандыру қажеттілігі Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстанды жаңғырту жөніндегі стратегиялық жопарының негізгі жоспары болып табылады. Қазақстан халықтар ассамблеясының 2006 жылғы отырысында Елбасы қазақ әліпбиін латын әліпбиіне көшіру туралы мәселені қарастыру қажеттігін мәлімдеген болатын. Ал 2012 жылғы «Қазақстан-2050» стратегиясы» атты Жолдауында Елбасы «...Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен біріге түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» деп мәлімдеген болатын. Ал Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту» атты жуырдағы бағдарламалық мақаласында көпшіліктің санасын сапалы түрде өзгерту және қазақстандықтардың идеологиясын жаңғырту қажеттілігі негізделген.

Мақалада қазақ әліпбиін латынға негізделген жазуға көшіру екі негізгі фактор арқылы айғақталған: ұлттық бірегейлікті сақтау және компьютерлік сауаттылықты арттыруға, шет тілдері мен мәдени ашықтықты білуге байланысты Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін күшейту. Осы негізде жаңғыртылған Қазақстан өзінің ұлттық бірегейлігін сақтап, жаһандық өзгерістерге оңтайлы бейімделуі тиіс. Латын әліпбиіне көшу идеясы

бекерден-бекер туындай салған жоқ. Басқа да Шығыс елдері мен халықтарының латын әліпбиіне көшу бойынша тиімді тәжірибесі бар. КСРО ыдырағаннан кейін бірқатар республика кирилл әліпбиін қолданудан бас тартты. Қазіргі таңда ТМД-ның бес түркітілдес елінің үшеуі латын әліпбиіне көшкен, олар – Әзірбайжан, Өзбекстан және Түркіменстан. Бұл саланың көшбасшысы Әзірбайжан болып шықты. 1991 жылы латын жазуына ауысқан әзірбайжан әліпбиі түркі тілінің орфографиялық нормаларына жақындау болды.

1992–1993 жылдары Әзірбайжаннан кейін бұл істі Түркмения қолға алды, мұнда 2000 жылдан бастап латын жазуы түркімен тіліндегі бірден-бір рұқсат етілген жазу түріне айналды, ал кирилл әліпбиі толық қолданыстан шығарылды. 1993 жылы өзбек әліпбиін латын әліпбиіне көшіру туралы заң жарияланып, бұл заң 1996 жылы іске асырылды. Туысқан халықтар үшін бірыңғай коммуникациялық база жасау – түп-тамырға оралу. Латын жазуына өту арқылы туыстас халықтар жаңа өркениет негізінде жақындасады. ТМД-ның түркітілдес елдерінің қатарына жатпайтын Молдова латын жазуына сонау 1989 жылы өткен, бұл ел іс жүзінде латындалған румын әліпбиін қолданады. Кирилл жазуы байырғы заманнан бері қолданылып келе жатқан бұрынғы кеңес республикаларының ішінде де бұл жазудан бас тарту идеясы болды. Украинаның бұрынғы президенті Виктор Ющенко 2005 жылы латын әліпбиіне көшу туралы декреттің жобасын дайындаған болатын. Бұл өзгерістер құжатта айтылғанда, «Украинаның ЕО құрылымдарына бірігуін жылдамдату» мақсатында біртіндеп енгізілуі тиіс болатын.

Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың латын әліпбиіне өту туралы мақаласы жарияланғаннан кейін бұл мәселе Қырғыз елінде де көтеріліп жатыр. 13 сәуір күні «АтаМекен» фракциясының атынан парламент депутаты Қаныбек Иманәлиев қырғыз әліпбиін латын әліпбиіне өзгерту туралы ұсыныс жасаған болатын. «Түркіментан, Өзбекстан, қазір Қазақстан латын әліпбиіне өтіп жатыр, – деп мәлімдеді ол пленарлық отырыста. Қазір бұл мәселеге бізде қаражаттың жоқ екені белгілі, бірақ біраз уақыттан кейін, 2030-2040 жылдары, бұл істі жүзеге асыру керек». Депутаттың пікірінше, Қырғыз елінде латын жөніндегі мамандарды қазірден бастап дайындау қажет, өйткені латын әліпбиін қолдану – «заман және қарыштап дамыған технология талабы». Сонымен қатар кирилл жазуынан бас тарту қырғыздардың ұлттық бірегейлігін сақтауға көмектесу керек. Интеллектуалды топтың кейбір өкілдері бұл идеяға қолдау көрсетіп, өз пікірлерін білдіріп те қалды. «Латын жазуына ауысу түркі әлеміне қарай таңдау жасау деген үнемі айтылып келе жатқан пікір бар, – деді Қырғыз-Ресей славян университетінің профессоры Осмонакун Ибраимов, – Белгілі бір деңгейде бұл рас, бірақ бұл басқа таңдау. Бұл мемлекеттің тәуелсіздігін сақтауға деген таңдау. Бұл бізді ата-бабаларымыздың жүз жылдар бойы емес, мың жылдар бойы ұмтылған мақсаты».

Қазақ тілін латын жазуына көшірудің белсенді кезеңі 2017 жылдың сәуір айында елбасы қазақстандықтарға «Болашаққа көзқарас: қоғамдық сананы жаңғырту» атты бағдарламалық мақаласын ұсынған сәттен басталды.

«2017 жылдың аяғына дейін ғалымдардың көмегімен, барша қоғам өкілдерімен ақылдаса отырып, қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдау керек. 2018 жылдан бастап жаңа әліпбиді үйрететін мамандарды және орта мектептерге арналған оқулықтарды дайындауға кірісуіміз қажет. Алдағы 2 жылда ұйымдастыру және әдістемелік жұмыстар жүргізілуге тиіс», - деп президент үкіметке тапсырды.

Қыркүйектің басында мәжілісте *«Мемлекеттік тілдің латын графикасындағы әліпбиінің бірыңғай стандартын енгізу мәселелері туралы»* ашық парламенттік тыңдалым болды. Тыңдалымда белгілі бір маңызды мәселелер ресми түрде талқыланып, нәтижесінде тиісті ұсыныстар тізімі жасалады. Тыңдалым барысында латын жазуына негізделген қазақ әліпбиін әзірлеу жөніндегі жұмысшы топ басшысы мәжілісмендерге диграф (екі әріптің бір дыбысты беруін білдіреді) негізіндегі әліпбиді ұсынған болатын.

Бір айдан соң, Нұрсұлтан Назарбаев жұмысшы топтың мүшелерімен кездесті. «Бірде бір ел өзінің жаңа әліпбиін қоғам талқысына салған емес. Біз үшін әр адамның ойы маңызды. Президент әкімшілігіне латын әліпбиіне көшу турасында 300-ге жуық ұсыныс түсті» деді Елбасы. Президентке диграфтың орнына дәйекшесі (апострофтар) бар әліпбидің басқа нұсқасы ұсынылды. Екі жарым апта өткен соң, Елбасы дәйекше қолданылған нұсқаны бекітіп, қазақ тілінің әліпбиін кирилл әліпбиінен латын әліпбиіне ауыстыру туралы жарлыққа қол қойды. *«Менің тұжырымдауымша барлығында консенсус бар. Ғалымдар, тіл мамандары, саясаткерлер, жастар, ассамблея, басқа халықтардың ой-пікірін білдік. Жалпы қоғамда қолдау бар»*, - деп түсіндірді Н.Назарбаев өз шешімін. Жарлыққа сәйкес, республикада Қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру жөніндегі ұлттық комиссия құрылған.

Қазіргі таңда Қазақстан «бір ел – бір тіл – бір ұлт» стратегиясын іске асырып жатыр. Латын әліпбиіне өтудегі басты мақсат – мемлекеттік тіл мәртебесін көтеру және оның болашағын қамтамасыз ету. Қазіргі таңда бұл ширек ғасыр бойы күн тәртібінде тұрған тіл мәселесін шешудің ең ұтымды тәсілі екенін көпшілік айдан анық түсінеді. Бізге туыстас Түркияның үлгісіне сәйкес, ыңғайлылығымен әрі қолданылуы жағынан әмбебаптылығымен ерекшеленетін бұл жазу Қазақстандағы электронды байланыс жүйелерін дамытып қана қоймайды, сондай-ақ әлемдік интернет-технологияларын игеруді үдете түседі. Олай болса, жаңғыртылған қазақ тілі заман талабына жауап беріп, жеке қазақстандықтың бәсекеге қабілеттілігіне ықпал етеді, республикамыздың әлемдік аренадағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың жан-жақты дамуына көмектеседі. Бұл мемлекетті жан-жақты дамыту, ең бастысы, оның мемлекеттік тілін дамыту мүдделеріне сай келеді.

Сөйтіп, жаппай латын графикасы негізіндегі әліпбиге көшу жалпы әлемдік жаһандану үдерістерінің міндетті өркениетті талабы болып саналады. Жалпы латын әліпбиінің өзі жайлы айтар болсақ, әрине бұл графика көптеген кемшеліктерге ие кириллицаға қарағанда әлде қайда

ыңғайлы болып келеді. Шын мәнісіне келгенде, кириллица әліпби де емес, мәселен «я» және «ю» сияқты әріптері буындық графемалар ретінде ешбір фонеманы айқындамайды. Ал бұл, өз кезегінде өзге тілділерді былай қойғанда, өз ана тілінде сөйлеп бастаған балалардың орыстың кириллицаға негізделген әліпбиін бастапқы меңгеруінде көптеген қиындықтарға алып келеді.

Осыған орай, өз ана тілін білмейтіндерге немесе өзге тілділерге қазақ тілін оқыту үдерісі барысында ортақ әліпби салдарынан туындайтын кемшіліктер жайында айтып жатудың қажеті де жоқ. Алайда, бір мысал келтіре кетейік: мәселен, орыс және қазақ әліпбилерінде «ы» секілді ортақ таңбалар бар, бірақ екеуі мүлдем екі басқа дыбысты айқындайтыны белгілі. Осы ретте, орыс тілді студенттер таңбаның бір болғанына орай және бала кезінен «*дым*», «*сыр*», «*мыло*» деп дағдыланып үйреніп алғандар, қазақ тілінің аталған таңбасы бар сөздерін де солайша оқып айтатыны заңды, мысалы: «*тамыз*», «*мамыр*», «*қырық*».

Осымен байланысты, көптеген кавказ және солтүстік халықтарының өкілдері де бірауыздан 1930 жылдардың аяғына дейін қолданған латын әліпбиі негізінде өз ұлт тілдерінде кейіннен енгізілген кириллицаға қарағанда оқып жазу ыңғайлығы жайында айтатындары да түсінікті. Бұл ретте кезінде айтылған: «Неғұрлым тілдер графикасы жақын болса, соғұрлым орыс тілін меңгеру оңай болады. Сондықтан да Кеңес одағына кіретін басқа халықтарға қарағанда қазақ халқы орыс тілін жетік меңгереді. Ал жазуы мүлдем басқа, мәселен грузин немесе армян халықтарының өкілдеріне қаншама орыс тілін үйретсең де акцент болады», - деген пікірмен толық келісуге болады.

XIX ғасырдың басы мен жалпы аталған ғасыр бойы Германия және де солтүстік Еуропаның басқа да мемлекеттерінде готикалық графика пайдаланылып, барлық баспа өнімдері тек осы графика негізінде жарық көргені белгілі. Қазірде кез келген адам готиканы оқи бермейді, ол үшін арнайы білім қажет. Дегенмен, осының салдарынан мәдени сабақтастық үзілді деп айта алмаймыз. Біздің ойымызша, латынға көшу кітапшығармашылық ісінің, жаңа әліпбиді қолданатын баспа ісінің кеңеюімен ұлғасатын болса, бар мұраның жоғалуына алып келмейтіні сөзсіз. Оның үстіне, кириллица ұзақ жылдар бойы халқымыздың басым көпшілігі үшін таныс және түсінікті болып қалатыны да анық.

Енді, кірме сөздердің тілімізге ену тәсілдеріне келер болсақ, оларды ғалым К.Аханов тікелей ауысу және жанама түрде ауысу деп екіге бөлсе [1], І.Кеңесбаев пен Ғ.Мұсабаев араб және иран тілінен енген кірме сөздерді атқаратын қызметіне қарай үш топқа: шаруашылық, үй тұрмысы және діни деп бөліп қарастырған [2]. Ә.Болғанбайұлы және Ғ.Қалиұлы атқаратын қызметіне қарай оларды төрт топқа: 1) тілге әбден сіңісіп, қазақтың байырғы төл сөзіндей болып кеткен актив сөздер; 2) терминдік сипаты бар арнаулы сөздер; 3) экспрессивті-эмоциялық мәні бар сөздер; 4) әдеби тілдің шеңберінен біржола ығысқан немесе ығысуға жақын жүрген сөздер, ал ену саласына қарай үш топқа: ғылым мен мәдениетке байланысты сөздер, үй

тұрмысы мен шаруашылыққа қатысты сөздер, дінге байланысты сөздер деп бөлген [3].

Академик Ө.Айтбайұлы кірме сөздерді араб-парсыдан енген терминдік атаулар, монғол тілімен ортақ атау сөздер, орыс және орыс тілі арқылы енген интернационалдық терминдер деп қарастырып, олардың басым көпшілігі діни, ғылыми, қоғамдық-саяси, түрлі шаруашылыққа, ұсақ өндіріске, қол өнеріне, үй іші жабдықтарына, құрал-саймандарына, әскери-әкімшілікке байланысты термин сөздер болып келетінін атап көрсетеді [4, 67-100 бб.]. Академик Р.Сыздықова 1968 жылы шыққын «Абай шығармаларының тілі» атты зерттеу еңбегінде кірме сөздерге байланысты мынадай ойтұжырымдарын келтіреді: «а) қазақ тілінің жұрнақтары арқылы жаңа сөздер жасайды; ә) кірме сөздерден грамматикалық және тұрақты тіркестер жасалады; олар, мысалы, *қызмет* сөзінің *істеу* деген сөздің түрлі ситуацияларға байланысты қолданылатын әр түрлі синонимдерімен тіркесіп көпмағыналылық сипатқа ие бола алады» [5, 77-78 бб.].

Түрлі тілдік жүйеге жататын тілдердің бір-біріне өзара әсері, олардың құрылымдық және сөзжасамдық жүйесі мамандар арасында айтарлықтай қызығушылық тудырып келеді. Өмірдің түрлі салаларындағы қарым-қатынас тілге де өз әсерін тигізбей қоймайтыны белгілі. Бір тілдің сөздері екінші бір тілге ауысып жатады. Ал, бұл рухани-мәдени байланыстар нәтижесінде тілімізге енген атаулардың, кірме сөздердің қазақ тілінің лексикалық, терминологиялық жүйелерінде өзіндік орны бар. Кез келген атау өзі шыққын тілінде ғана ерекше бір уәждік белгілер арқылы жасалады. Ал басқа тілге еніп, кірме сөзге айналғанда ол өзінің уәжділік белгілерін жоғалтып, бейуәжді сөз болып саналады да түбір сөздер қатарына жатады.

Қазіргі қазақ әдеби тіліндегі жаңа кірме лексиканың кеңінен жұмсалуды мен игерілуі көптеген себептермен айқындалады: 1) жаңа затқа, жаңа ұғымға, жаңа құбылысқа атау беру қажеттілігі; 2) мазмұн жағынан жақын, бірақ дегенмен бөлек ұғымдарды ажыратып беру қажеттілігі; 3) бөлек және тұтас құрылымды тілдік бірліктер арасында сәйкестік орнату үрдісі. Яғни, тілдегі тіркесті атауларды универб атаулармен алмастыру үрдісі. Ал, қазіргі таңдағы кірме сөздердің басым көпшілігі, дәлірек айтқанда 90% терминология үлесіне жататыны ешбір күмән келтірмейді.

Әрине, латын әліпбиіне көшу терминологияға қатысты көптеген мәселелердің тиімді шешімін табуына алып келетіні анық. Мысалы, Қазақстан Республикасының елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің жолдауында: «Біз қазақ тілін жаңғыртуды жүргізуге тиіспіз. Тілді заманға сай үйлестіріп, терминология мәселесінен консенсус іздеу керек. Сонымен қатар, әбден орныққан халықаралық және шет тілінен енген сөздерді қазақ тіліне аудару мәселесін біржола шешу қажет. Бұл мәселе оқшауланған қайраткерлердің ортасында шешілмеуге тиіс. Үкімет мұны реттегені жөн. Бүкіл әлемде бірдей қабылданған терминдер бар. Олар кез келген тілді байытады. Біз өмірді өзіміз күрделендіре түсеміз, түсінбестікке бой алдырып, ақыл-ойды сапырылыстырамыз, көнерген сөздердің шырмауынан шықпаймыз. Мұндай мысалдар аз емес», - деп көрсеткен болатын.

Осымен байланысты, осы кезге дейін әліпби ортақтығынан дұрыс қолданылмай келген терминдердің фонеморфологиялық игерілу тетігі енді іске қосылатыны сөзсіз. Себебі, біз орыс тілі арқылы және сол тілдің фонеморфологиялық бейнесіндегі үлгіні ешбір өзгеріссіз қабылдап келгеніміз рас. Алайда, ғалымдардың пікірі бойынша, орыс тілінің өзінде «А»-дан басталатын сөздердің 90% өзге тілді сөздер екен. Яғни, орыс тіліндегі кірме терминдердің фонеморфологиялық бейімдеу көрсеткіші өте жоғары деген сөз. Бұл сөздік құрастырушылар үшін өте түсінікті жайт, өйткені кез келген тілдің сөздік қорында «А»-ға қатысты реестрдің үлес салмағы маңызды екенін білеміз.

Біздің ойымызша, қазақ әдеби тілі мен ауызекі сөйлеу тілінің арасындағы алшақтық аталған тетіктің толыққанды іске аспауы салдарынан пайда болған. Ал, орыс тіліне қатысты бұл салалардың арасында керісінше мұндай алшақтық байқала бермейтіні белгілі. Сондықтан да, терминологияға байланысты енді бұдан былай қарай орыс тілімен емес, түпнұсқа-тілмен жұмыс жүргізу мәселесінің өзектілігі маңызды. Өйткені, мысалы: «ағылш.*jeep*» болатын болса, орыс тілінің орфографиялық нормаларына байланысты ол бұл тілге «орыс. *джип*» деп кіріккен, біз де солай алуға мәжбүр болдық, егер тікелей ағылшын тілі арқылы алынғанда, онда «қазақ. *жип*» болатын еді. Ал, ұсынылып отырған жобалардың ішінен, біздің ойымызша, терминология үшін ең қолайлысы үнемдеу принципін негізге алғандары болып табылады. Себебі, бұл нұсқалар терминдерге қойылатын басты белгіні, яғни қысқалық принципін қамтамасыз етуге септігін тигізеді.

Соңғы онжылдықта әлем тілдеріне, оның ішінде қазақ тіліне де ағылшын тілінің әсері айтарлықтай. Әсіресе, қазіргі таңда ағылшын терминологиясының ықпалы орасан зор. Мысалы: қаржы-экономикалық қызметке байланысты: *дистрибьютор, клиринг, логистика, промоутер, тендер, франчайзинг* және т.б.; информатика мен есептеуіш техникаға қатысты: *браузер, интерфейс, плагин, трафик* т.б.; мәдениет пен шоу-бизнес салаларына байланысты: *саунд-трек, сингл, эм си (МС)* т.б.; спортқа қатысты терминологиялық инновациялар (жаңа спорт түрлері): *дайвинг, кайтсерфинг, роббджампинг, стритрейсинг* т.б.; мемлекеттік басқару жүйесіне байланысты саяси, құқық терминдері: *импичмент, электорат, раунд (делегациялар кездесулері мен түрлі келіссөздердің бір кезеңі, бөлімі* мағынасында). Сонымен бірге тұрмыстық дискурс та көптеген кірме новациялармен толығуда: *слайсы, энерготоник, мультиварка, типсы, трансформер, топ, френч, боди, свингер* және т.б.

Кірме инновацияларды игеру – бұл көпаспектілі, осыған орай тіл мамандарының түрлі ұстанымдар тұрғысынан қарастыратын күрделі тілдік үдеріс болып табылады. Оның негізгі екі түрі ажыратылып көрсетіледі: формалды және функционалды. Кірме терминнің функционалды игерілуі дегеніміз – өзгі тілді терминнің өз тіліміздің лексика-семантикалық жүйесіне бейімделуі. Ал, формалды бейімдеу үш түрлі жол арқылы жүзеге асырылады: фонетикалық, графикалық және грамматикалық (немесе морфологиялық).

Міне, латын әліпбиіне көшу барысында терминология үшін ең күрделі мәселелердің бірі – кірме терминологиялық инновациялардың формалды бейімделуі болып келетіні сөзсіз. Әрине, функционалды бейімдеу де әрі қарай жүргізілетіні заңды, өйткені бейуәжді терминнен гөрі, уәжді терминнің ұлттық тіл иелері үшін ұтымды болатыны мәлім. Бірақ, мұндай сәттілік жайттар жиі кездесе бермейтіні де анық. Сондықтан да, латын әліпбиі негізінде кірме терминдерді формалды бейімдеу мәселелері үлкен арнайы ғылыми жоба аясында зерттеліп, жете қарастырылатын сұрақтардың бірі болып саналады.

Бұл ғылыми-зерттеу жобасы төмендегідей міндеттердің шешімін табуын көздуі қажет:

- терминологиялық кірмелер жайындағы бар концепцияларды жүйелеу;
- тіл иелерінің түрлі топтарының кірме терминдерді қабылдауының психологиялық аспектілерін зерттеу;
- кірме терминдерді бейімдеудің негізгі түрлеріне сипаттама жасау;
- түрлі жастағы адам топтарының кірме терминдерді қабылдау ерекшеліктерін айқындау;
- негізгі бейімдеу өлшемдерін іріктеу және т.б.

Әдебиеттер тізімі:

1. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Санат, 1993. – 496 б.
2. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Мектеп, 1962. – 217 б.
3. Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 1997. – 256 б.
4. Айтбайұлы Ө. Қазақ сөзі: (Қазақ терминологиясының негіздері). – Алматы: Рауан, 1997. – 240 б.
5. Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. – Алматы: Ғылым, 1968. – 334 б.